

**«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ университеті» АҚ**



**БЕКІТЕМІН**  
**«АЛТ университеті» АҚ** **ҒК** төрағасы  
**М.С.Жармағамбетова**  
**«АЛТ университеті» АҚ** Ғылыми кеңесінің шешімі  
**«30» 05 2025 жыл (№ 10 хаттама)**

**Бейіндік магистратураға  
түсушілерге арналған әңгімелесу бағдарламасы**

**Білім беру бағдарламасы  
7M04173 - Экономика және менеджмент**

**Алматы, 2025 ж**

Қабылдау емтиханының бағдарламасы 2025 жылғы 21 сәуірі №9 хаттамамен «Көлік қызметтері және бизнес» кафедрасының отырысында талқыланып, оң шешім қабылданды.

**Көлік қызметтері және бизнес»  
кафедрасының меңгерушісі**



**Мусалиева Р.Д.**

Қабылдау емтиханының бағдарламасы 2025 жылғы 29 мамыр №5 хаттамамен «Логистика және бизнес» институтының кеңес отырысында қаралды және ұсынылды.

**«Логистика және бизнес»  
институтының төрайымы**



**Мусаева Г.С**

## МАЗМҰНЫ

|   |                                    |   |
|---|------------------------------------|---|
| 1 | Сұхбаттың мақсаты.....             | 4 |
| 2 | Әңгімелесу өткізу тәртібі.....     | 4 |
| 3 | Сұхбатты бағалау критерийлері..... | 4 |
| 4 | Сұхбат сұрақтары.....              | 5 |
| 5 | Ұсынылатын әдебиеттер .....        | 6 |

### 1.1. Сұхбаттың мақсаты

"Мұхамеджан Тынышпаев атындағы АЛТ Университеті" АҚ 7М04173-Экономика және менеджмент білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға оқуға қабылдау ақылы негізде әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Мемлекеттік немесе азаматтық қызметтегі білім беру бағдарламасының бейіні бойынша басшы лауазымында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі бар немесе білім беру бағдарламасының бейіні бойынша кемінде 10 жыл кәсіби өтілі бар адамдар әңгімелесуге қатысуға жіберіледі. Әңгімелесу теориялық және практикалық дайындық деңгейін, магистратурада оқуға түсушінің кәсіби құзыреттілігі мен уәждемесін бағалау мақсатында өткізіледі.

### 2. Әңгімелесу өткізу тәртібі

Білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға түсушілер үшін әңгімелесу 30 минут ішінде өткізіледі. Осы кезеңде оқуға түсуші университет президенті-ректоры бекіткен қабылдау комиссиясының сұрақтарына жауап береді.

Түсушінің таңдауы бойынша әңгімелесу қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде өтуі мүмкін. Әңгімелесу бейнебайланысты міндетті түрде пайдалана отырып, күндізгі немесе қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба университет мұрағатында үш жылға дейінгі мерзімге сақталады.

Үміткерлерге әңгімелесу мазмұнына да, бағдарлама профиліне қатысты басқа бөлімдерге де қатысты қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Дәлелді себеппен әңгімелесуге келмеген оқуға түсушілер (ауру немесе өзге де құжаттамалық расталған мән-жайлар) бекітілген кестеге сәйкес басқа күні әңгімелесуден өтуге жіберіледі.

Әңгімелесу хаттамалары рәсім аяқталғаннан кейін бірден қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына беріледі. Әңгімелесуді өткізуге байланысты барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

### 3. Сұхбатты бағалау критерийлері

Әңгімелесу белгіленген үлгідегі бекітілген хаттама негізінде жүргізіледі, онда түсушінің қойылған сұрақтары мен жауаптары, сондай-ақ қорытынды бағалау жазылады.

Үміткерлерді бағалау университеттің ішкі жүйесі бойынша оқуға түсушінің дайындық деңгейін, кәсіби тәжірибесі мен уәждемесін көрсететін бірқатар критерийлер негізінде жүзеге асырылады. Комиссияның қорытынды шешімі алқалы түрде шығарылады және Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттама түрінде ресімделеді.

Өту балы сандық түрде белгіленбейді-комиссияның шешімімен кандидаттың магистратурада оқуға қойылатын талаптарға сәйкестігі анықталады.

Оқуға қабылданған түсушілердің әңгімелесу хаттамалары олардың жеке істерінде сақталады.

**Таблица 1 - Сұхбатты бағалау критерийлері**

| Критерийлер | Дескрипторлар                                                                                                                | Ұпайлар                    |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|
| Мотивация   | Бағдарламаға түсу себептерін дәлелдеу, университетті таңдау, кәсіби және жеке өсудің мақсаттары мен перспективаларын түсіну. | жеткілікті/<br>жеткіліксіз |

|                       |                                                                                                                              |                            |
|-----------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|
| Зерттеу құзыреттілігі | Бағдарламаға түсу себептерін дәлелдеу, университетті таңдау, кәсіби және жеке өсудің мақсаттары мен перспективаларын түсіну. | жеткілікті/<br>жеткіліксіз |
| Шығармашылық          | Стандартты емес шешімдерді ұсына білу, тапсырмалар мен мәселелерді талдауға шығармашылық көзқарасты көрсету.                 | жеткілікті/<br>жеткіліксіз |
| Коммуникативтілік     | Өз ойларын нақты және логикалық түрде жеткізе білу, өз көзқарастарын дәлелдей білу, қорытынды жасау.                         | жеткілікті/<br>жеткіліксіз |
| Комиссия шешімі       |                                                                                                                              | жеткілікті/<br>жеткіліксіз |

#### 4. Әңгімелесу сұрақтары

1. Сұраныс пен ұсыныстың икемділігі ұғымын, кәсіпорын үшін осы көрсеткіштерді есептеу қажеттілігін түсіндіріңіз.
2. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзара байланысын ашыңыз. Жұмыссыздық деңгейі мен инфляция арасындағы байланыс.
3. Кейнсиандық және экономикалық саясатқа неоклассикалық көзқарастардың айырмашылығы неде?
4. Регрессиялық талдау ұғымын және оның экономикада қолданылуын түсіндіріңіз. Регрессиялық талдау жүргізу үшін қандай алғышарттар қажет?
5. Халықаралық сауданың қазіргі теориялары: артықшылықтары мен кемшіліктері.
6. Ақша-несие саясатының негізгі құралдары. Ұлттық банк экономиканы тұрақтандыру үшін қандай құралдарды пайдаланады?
7. Кәсіпорында жалақыны ұйымдастыру және жоспарлау. Еңбек өнімділігіне қандай факторлар әсер етеді?
8. Институттардың экономикалық дамудағы рөлі. Институционалдық өзгерістер экономикалық өсуге қалай әсер етеді?
9. Салықтар және салық салу. Прогрессивті және пропорционалды салық салудың айырмашылығы неде?
10. Елдің экономикалық өсуіне ықпал ететін факторлар: негізгі кедергілер және оларды шешу жолдары.
11. Менеджменттің негізгі функцияларының мазмұны мен байланысын ашыңыз: жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау.
12. Өр түрлі ұйымдық құрылымдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырыңыз (мысалы, сызықтық-функционалды, дивизиондық, матрицалық). Сіздің ойыңызша, қайсысы қазіргі цифрлық экономика жағдайында тиімді және неге?
13. Мотивацияның негізгі теорияларын сипаттаңыз (мысалы, А.Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы, Ф. Герцбергтің екі факторлы теориясы, в. Врумның күту теориясы). Менеджер қызметкерлерді ынталандырудың тиімді жүйесін құру үшін осы теорияларды қалай қолдана алады?
14. SWOT талдауы дегеніміз не және оның стратегиялық жоспарлаудағы рөлі қандай? Бұл құралдың қолданылуын сіз білетін кез-келген компанияның (немесе гипотетикалық стартаптың) мысалында көрсетіңіз.
15. "Бизнес-процесс" ұғымына анықтама беріңіз. Ұйымды басқарудағы процестік тәсілдің мәні неде және оның функционалды тәсілден артықшылығы неде?

## 5. Ұсынылатын әдебиеттер

### 5.1 Негізгі әдебиеттер

1. Macroeconomic Analysis and parametric Control of a National Economy [Text] / A.A.Ashimov, B.T.Sultanov, Z.M.Adilov, Y.V.Borovskiy, D.A.Novikov, R.A.Alshanov, A.A.Ashimov.- New York: Springer, 2013.- 288с. ISBN 978-1-4614-4460-2
2. Гусейнов, Р.М. Микроэкономика [Текст]: учебник для бакалавров / Р.М. Гусейнов, В.А. Семенихина.- 2-е изд., стер.- М.: Омега-Л, 2015.- 447с.- (Бакалавр-Магистр). ISBN 978-5-370-03060-4
3. Мухамедиев, Б.М. Микроэкономика [Текст]: учебник / Б.М. Мухамедиев; Утв. МОН РК.- 2-е изд., доп.- Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 309с. ISBN 978-601-04-0899-9
4. Паркин, М. Микроэкономика [Мәтін]: оқулық / Майкл Паркин; Батыс Онтарио университеті.- 13 басылым.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 548 б.- (Рухани жаңғыру). ISBN 978-601-7943-87-5
5. Нуреев, Р.М. Курс микроэкономики [Текст]: учебник / Р.М. Нуреев.- 3-е изд., испр. и доп.- М.: Норма: ИНФРА-М, 2019.- 624 с. ISBN 978-5-91768-450-5
6. Пиндайк Р., Рубинфельд Д. Микроэкономика. Пер. с англ.- М: Дело, 2001
7. Гительман Л.Д. Менеджмент, опережающий время [Текст]: Прорыв к цифровой индустрии / Л.Д. Гительман. - М.: СОЛОН-Пресс, 2020. - 300 с. ISBN 978-5-91359-394-8
8. Аманжолов, У.С. Менеджмент в информационных системах [Текст]: учебное пособие / У.С. Аманжолов. - Алматы: Қазақ университеті, 2021. - 204 с. ISBN 978-601-04-494-9
9. Аскаров, Е.С. Инновационный менеджмент [Текст]: учебное пособие / Е.С. Аскаров. - Алматы: Экономика, 2014. - 272 с.
10. Бизнес-планирование в предпринимательской деятельности: учебное пособие / В.Е. Шкурко, Н.Ю. Никитина; Уральский Федеральный Университет.- 3, 326 Кб.- Екатеринбург: Уральского университета, 2018.- 174 с.
11. Слагода, В.Г. Экономическая теория [Текст]: учебник / В.Г. Слагода.- 7-е изд., испр. и доп.- М.: ФОРУМ-ИНФРА-М, 2015.- 368с.
12. Лапуста, М.Г. Предпринимательство [Текст]: учебник / М.Г. Лапуста.- Изд. испр.- М.: ИНФРА-М, 2020.- 384 с.

### 5.2 Қосымша әдебиеттер

1. Розанова М.Н. Микроэкономика: задачи и упражнения: учебное пособие. – М: Юнити-Дана, 2015
2. Гончаренко, Л.П. Менеджмент инвестиций и инноваций [Текст]: учебник / Л.П. Гончаренко. - М.: КНОРУС, 2014. - 160 с.
3. Алмагамбетова, Ш.Т. Основы экономической теории [Текст]: учебное пособие / Ш.Т. Алмагамбетова.- Алматы: КазАТК, 2015.- 102с.
4. <https://www.stat.gov.kz> Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан
5. <https://www.un.org/ru/wto/> Всемирная торговая организация
6. <https://www.oecd.org> Организация экономического сотрудничества и развития